

8-ШІ САБАҚ
ҚАРЫС ҚАДАМДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН
ЖӘНЕ ЕРЕСЕКТІҢ МЕЙЛІНШЕ АЗ
ЖӘРДЕМІМЕН БАЛАҒА ЖАҢА
ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ
КЕРЕК?

Маман нұсқаулығы 8

*Баланы
дамытуды
үйренеміз*

ДДСҰ “Caregiver
Training Skills”
(балаларға күтім
көрсетуді үйрету)
бағдарламасын
Қазақстан
Республикасы үшін
бейімдеу аясында
ҚР ЕХӘҚМ ӘОД
ҒПО, ҚР ДСМ
РПДҒПО және
ЮНИСЕФ бірлесіп
әзірлеген

8-САБАҚ

КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖӘНЕ ЕРЕСЕКТИҢ МЕЙЛІНШЕ АЗ ЖӘРДЕМІМЕН БАЛАҒА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК?

Қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындаңыз

1	Маман нұсқаулығы 8;	Әр маманға 1-ден
2	Ата-аналарға арналған буклет. 8-ші сабақ;	Әр ата-анаға 1-ден
3	Ата-аналарға арналған жадынама;	Әр ата-анаға 1-ден
4	Ата-аналардың жұмыс дәптері;	Әр ата-анаға 1-ден
5	Демонстрацияға арналған материалдар: - шылапшын, үлкен тостаған немесе су құятын ыдыс (олардың біріне су құйылған); - настаған; - сабын; - мата немесе орамал;	2 1 2 2
6	Жұптық жаттығуларға арналған материалдар: су құюға арналған қосымша ыдыстар, сабын, орамал, жөке, киім, т.б;	Дұрысы ата-аналар үйде қолданатын заттар, ойыншықтар, кітаптар;
7	Флипчарт, флипчартқа арналған қағаз, қағазға арналған фломастер немесе бор тақтасы, ор немесе маркер тақтасы, тақтаға арналған маркер;	Егер флипчарт қолдансаңыз – 5-10 парақ қағаз қажет;
8	Сабақ барысында уақытты бақылауға арналған сағат немесе таймер;	1

1

8-САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

Сабақ соңына қарай ата-аналар:

I. Алдыңғы сабақтарда меңгерген білімді және дағдыларды ПЫСЫҚТАУЫ тиіс:

- 1) Баланың жағымсыз мінез-құлқының себебін анықтау және оған қатысты қандай реакция көрсетуді шешу;
- 2) Егер себеп қол жеткізу болса, сөздер мен ым-ишараны пайдалануды **ҮЙРЕТУ**;
- 3) Егер себеп өзіне көңіл аудару болса, қауіпсіз болса ғана **ЕЛЕМЕУ**;
- 4) Егер себеп іс-әрекетті тоқтату болса, түсінікті, бірізді және лайықты талап **ҚОЮ**;
- 5) Егер себеп сезімге бөлену болса, қауіпсіз және орынды мінез-құлықты **ҮЙРЕТУ** және **АЛМАСТЫРУ**;

II. Негізгі ақпаратты ТҮСІНУІ тиіс:

- 1) Кез келген күнделікті істе балаға лайықты мақсатты дағдыны қалай таңдай аласыз?
- 2) Әр дағдыны үйрету бірнеше рет қайталауды талап ететінін және сіз мақсатыңызға қарай қарыс қадамдар жасай отырып жүретінін түсіндіріңіз?
- 3) Мейлінше аз көмек көрсете отырып, баланы қалай қолдауға болады?
- 4) Барлық әрекеттерді кезекпе кезек орындап, балаға түсіндіре отырып және қолпаштап әрі жағымды көзқарасты сақтап, баламен бірге күнделікті істермен айналысуды қалай үйренуге болады?

III. ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНГЕРУІ тиіс:

- 1) Кез келген дағдыны қарыс қадамдарға бөлу және балаға әр жолы бір қадамнан үйрету;
- 2) Дағдыны меңгеруге мүмкіндік беру үшін балаға мейлінше аз көмек көрсету;
- 3) Балаға түсінікті, бірізді нұсқамалар беру және әрбір талпынысы үшін мақтау;
- 4) Өзіңізден сұрау: мен баланы келесі қадамға үйретуге кірісе аламын ба? Бала сол қадамды мейлінше аз көмекпен орындай ала ма?

**СІЗДІҢ КӨМЕГІҢІЗБЕН МАШЫҚТАНА
ОТЫРЫП, БАЛА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ӨЗІНЕ
ҚАЖЕТТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНЕ АЛАДЫ**

**Негізгі
хабарлама**

2

САБАҚ КЕСТЕСІ

	УАҚЫТЫ	МАЗМҰНЫ	БЕТ
1	5 минут	<u>Босансуға арналған қысқа жаттығу;</u>	4
2	35 минут	<u>Жетінші сабақтың негізгі хабарламаларына және ұсыныстарына шолу жасау. Үй практикасына шолу жасау. 8-сабаққа кіріспе;</u>	4
3	15 минут	<u>Тамараның оқиғасы: Балаға қарыс қадамдарды үйрету;</u>	6
4	10 минут	<u>Балаға үйреткіңіз келетін күнделікті істі анықтаңыз және үйретуді бастайтын алғашқы қарыс қадамды таңдаңыз;</u>	10
	15 минут	Үзіліс	
5	25 минут	<u>Демонстрация: Балаға түрлі деңгейде көмек беру;</u>	14
6	25 минут	<u>Жаттығу: Балаға түрлі деңгейде көмек береміз. Жұптық жұмыс;</u>	23
7	10 минут	<u>Сабаққа шолу жасау;</u>	25
Уақыт = үзіліске дейін 65 минут және үзілістен кейін 60 минут.			

1. БОСАҢСУҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚА ЖАТТЫҒУ (5 минут)
(қараңыз: Маман нұсқаулығы, жалпы мәселелер, 5 бет)

2. ЖЕТІНШІ САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫНА ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ. ҮЙ ПРАКТИКАСЫНА ШОЛУ ЖАСАУ. 8-САБАҚҚА КІРІСПЕ (35 минут)

Жетінші сабақтың негізгі хабарламаларына және ұсыныстарына шолу жасау

№1 негізгі хабарлама

БАЛАҢЫЗДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАҢЫЗ: ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, ӨЗІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУ, БІРДЕҢЕДЕН ҚАШУ НЕМЕСЕ СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУ ЖӘНЕ СОЛ СЕБЕПКЕ ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТЕТІНІҢІЗДІ ШЕШІҢІЗ

№1 ұсыныс	№2 ұсыныс	№3 ұсыныс	№4 ұсыныс	№5 ұсыныс
Балаңызға күнделікті істерді атқару ретін түсінуге көмектесу үшін және жағдайды бақылауда ұстау үшін суреттері бар графикті пайдаланыңыз ;	Егер баланың жағымсыз мінез-құлқы қалаған затына қол жеткізуге бағытталған болса, оған сөздер мен ым-ишараны пайдалануды үйретіңіз;	Егер баланың мінез-құлқы өзіне көңіл аударуға бағытталса, ол үшін қауіпсіз болғанда ғана сондай мінез-құлқын көзге ілмеңіз;	Егер баланың жағымсыз мінез-құлқы іс-әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға бағытталса, ол үшін түсінікті, бірізді және лайықты талаптар қойыңыз;	Балаға сезімге бөленуге бағытталған жағымсыз мінез-құлықты алмастыру үшін қауіпсіз және орынды мінез-құлықты үйретіңіз;

4

<p>Айтыңыз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Соңғы сабақта әрқайсыңыз балаларыңыздың бір жағымсыз мінез-құлқын таңдап, сонымен жұмыс жасауды жоспарлаған болатынсыздар; • Өтінеміз, ойланыңыздар, мақсаттарыңыз қандай еді және бәрі қалай өтті; <p>Сіз жоспарладыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 2 түрлі күнделікті істі таңдау; - Сол іспен бірге айналысқанда балаңызбен әр кез 5 минут өткізіу; - Баланың қарым-қатынас жасағанына назар аудару және соған жауап қайтару; - Жағымсыз мінез-құлыққа реакция көрсету жоспарыңызды пайдалану; - Жағымсыз мінез-құлық көрініс бергенге ДЕЙІН не болатынын Қарау және Тыңдау; — Еске салу ретінде «дейін-барысында-кейін» атты мінез-құлықты бақылау тізіміңізді пайдалану; <p>Өтінемін, үй практикасымен топпен бөлісіңіздер.</p>
<p>?</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қандай күнделікті істе машықтандыңыздар? • Қандай жағымсыз мінез-құлық сіздің мақсатыңыз болды? (оның қандай екенін көрсете аласыз ба?) • Мінез-құлыққа ДЕЙІН тура алдында не болады? • Оған қандай реакция көрсеттіңіз?
<ul style="list-style-type: none"> • Ата-аналарды үй практикасына күш жұмсағаны үшін мақтаңыз. Тәжірибесімен бөліскенде қолпаштаңыз: жағымды болсын, жағымсыз болсын; • Бәріне ойындағысын айтуға мүмкіндік беріңіз (бір адамға тым ұзақ сөйлеуге мұрсат бермеңіз); • Бір-біріне қолдау көрсетуге және ұсыныс беруге ынталандырыңыз. Мысалы, алдымен басқалардан проблеманы шешу үшін не ұсына алатынын сұраңыз, өзіңіз жылдам жауаптар бермеңіз; • Уақытты қадағалаңыз, тақырып ауысқанға дейін бір минут бұрын ата-аналарға ескертіңіз; 	

8-сабаққа кіріспе

<p>Айтыңыз:</p>	<p>Біз сегізінші сабаққа көшеміз.</p> <p>Өтінемін, ата-аналарға арналған буклеттің 3-бетін ашыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бүгін біз үлкен тапсырмаларды балаға меңгеру оңайырақ болатындай етіп қарыс қадамдарға бөлуді үйренеміз; • Сонымен бірге балаларға бірдеңені үйрену кезінде біз көрсете алатын көмектің түрлі деңгейлерін талқылаймыз;
------------------------	--


3. ТАМАРАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: БАЛАҒА ҚАРЫС ҚАДАМДАРДЫ ҮЙРЕТУ (15 МИНУТ)

Айтыңыз:

- Біз қазір балаға күнделікті өмірде қажет дағдыны үйрету үшін оған арналған бірінші қарыс қадамды қалай анықтау керек екенін көрсететін оқиганы көреміз;
- Балаңызды өз бетінше орындауға үйреткіңіз келетін күнделікті дағдыға зейін қою керек (қол жуу, аяқкиім шешу, т. б.);
- Жұмыс дәптерінің 24-бетінде балаңызға үйреткіңіз келетін күнделікті әрекетті және оны үйретуді бастайтын қадамды жазып қоя алатын орын бар;

Түсіндіріңіз:

- Кез келген күнделікті әрекетті орындау бірқатар бірізді қарыс қадамдардан тұрады;
- Балаға әрбір қадамды бөлек-бөлек үйрету керек;
- Содан кейін әрекетті басынан аяғына дейін орындау үшін барлық қадамдарды біріктіру керек;



Бірінші: балаңызды үйреткіңіз келетін күнделікті әрекетті анықтау

- Бүгін үй практикасын талқылағанда әрқайсыңыз жұмыс жасаған күнделікті дағдылар туралы айттыңыздар;
- Өтінемін, балаларыңызбен бірге айналысатын күнделікті әрекеттерді атаңыздар (мысалы, киіну, жуыну, тіс тазалау, т.б.);

Екінші: Күнделікті әрекетті бірқатар қарыс қадамдарға бөлу

- Кез келген әрекетті бір үлкен тапсырма деп қарауға болмайды. Әрбір әрекет **бірізді қарыс қадамдардан** тұрады;
- Балаларға әрекетті қадам-қадаммен орындауды үйрету үшін оны қарыс қадамдарға бөлу керек;

Үшінші: Қай қарыс қадамды бірінші болып үйрететініңізді таңдау

Үлкен тапсырманы орындауға кірісу үшін бастамасын таңдау керек. Бұл – балаңызға үйрететін сол бір қарыс қадам.

- Таңдауыңызға қарай сіз балаңызға:
 - **бірінші** қадамды үйрете аласыз, егер бала таңдаған әрекеттің бірде-бір қадамын әлі өз бетінше орындамаса;
 - **соңғы** қадамды үйрете аласыз, егер бала үшін ол ең оңайы және қызықтысы болса;
 - **кез келген басқа қадамды** үйрете аласыз, егер бала әлі өз бетінше орындамайтын және **меңгерілген қадамнан кейінгі келесі қадам болса;**

Айтыңыз:

Ата-аналарға арналған буклеттің 4-ші бетін ашайық. Тамара мен оның немересі Әмірдің оқиғасымен танысайық.

Анықтауға тырысыңыз:

- Әмір өз бетінше орындауды үйренуі үшін Тамара қандай күнделікті әрекетті таңдаған?
- Тамара мақсатты дағды ретінде таңдаған қарыс қадам?


Ата-аналар суреттерге қарайды: Сіз оқисыз:



Менің есімім – Тамара, мен немерем Әмірге қараймын, үш жасында оның даму ерекшеліктері бар екені анықталған;




Әмір - ерекше бала. Ол аз сөйлейді және сағаттап жалғыздан-жалғыз отыра беруі мүмкін. Оған ыңылдап әндету, жарыққа қарау және көз алдында саусақтарын қимылдату ұнайды. Бөгде адамдарға мұндай қылық біртүрлі болып көрінеді, бірақ мұның еш әбестігі жоқ деп ойлаймын, ол жай ғана солай тыныштанады;



Әдетте ол ешкімге назар аудармайды. Бірақ мен оған бірнеше әнді бірге айтуды үйреттім. Сонымен бірге оған ұйықтар алдында түрлі хикаялар айтып беретінім ұнайды;

Мен Әмірге көбірек әрекеттерді өз бетінше жасауды үйреткім келеді, мысалы, қол жуу. Басында оған бірдеңе істету өте қиын болатын. Бәрін ол үшін істеуге тура келетін;



Содан кейін оған не істеуі керек екенін түсіну оңай болуы үшін мен әрбір әрекетті өте ұсақ қадамдарға бөлуді үйрендім. Мен оған әрбір қарыс қадамды бөлек-бөлек үйреттім, әр кез – бір қадам, басында көп көмектестім. Алдымен қолын сұртуді үйретуден бастадым, себебі, бұл – оңай қадам, оның үстіне Әмір қолына жұмсақ матаны ұстағанды қатты жақсы көреді;



Маған ол үшін қиын қадамдарды орындауға бұрынғыша көмектесуге тура келеді;



Мен оның істеп жатқан әрекетін атымен атау арқылы үнемі оны жігерлендіріп отырамын, мысалы: «Әмір, біз қол жуып жатырмыз!». Менің ойымша, ол сондай қарыс қадамдарды өз бетінше жасай алған кездерде екеуіміз де оны мақтан тұтамыз;



Үнемі машықтанудың және қолдау көрсетудің арқасында Әмір қол жуу үшін енді көптеген қадамдарды өз бетінше орындай алады. Маған әлі де болса оған шүмекті ашуға және сабынды қолға алуға көмектесу керек. Бірақ қазір үнемі машықтанудың арқасында Әмір қолын сабындап, сабынды орнына қойып, қолын судың астында көбігі кеткенше жуып, орамалға сүрте алады. Мен әлі де болса шүмекті жабуға көмектесемін, бірақ Әмір жұмыстың басым бөлігін өз бетінше орындайды. Аздап көмек көрсетумен ол өз бетінше киінуді де үйреніп жүр;

ТАЛҚЫЛАУ



	Жетелеуші сұрақтар:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	1) <i>Тамар Әмірге нені үйреткісі келеді?</i>	- Өз бетінше қол жуу;
	2) <i>Тамара дағдыны үйретуді қандай қарыс қадамдан бастады?</i>	- Қолды сүлгімен сүрту;
	3) <i>Қалай ойлайсыз, неліктен Тамараға немересін өз бетінше қол жууға бірден үйрету қиын болды? Неліктен балаға бүкіл әрекетті бір уақытта орындап үйрену қиын?</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Бір уақытта бірнеше қадамды үйрену баланың қолынан әлі келмейтін іс болуы мүмкін; - Бала бірде-бір қадамды орындай алмау ықтималдығы жоғары, сондықтан, бізге баланы мақтауға тиіс себеп табу қиынға соғуы мүмкін; - Барлық қадамдардан өтуі үшін бізге баланы азырақ мақтауға және көбірек көмектесуге тура келеді; - Бала бірден бірнеше қадам жасауға мәжбүр болғанда оның көңілі бұзылып, қызығушылығы тез жоғалуы әбден мүмкін; - Ол тек бір қадамға зейін қойғанда көбірек күш жұмсайды және жақсырақ нәтижеге жетеді;
	4) <i>Қалай ойлайсыз, неліктен Тамара қол жуу бойынша үлкен әрекетті меңгеруді соңғы қадамнан бастауды шешті?</i>	<ul style="list-style-type: none"> - Әмір осы қадам оған ұнайтындықтан және қолынан келетіндіктен, орындайтын болады; - Тамараның оны мақтауға мүмкіндігі болады; - Сонымен қатар Тамараның қол жуу бойынша үлкен әрекетті баланың орындауында жағымды жолмен аяқтау мүмкіндігі туады;
Айтыңыз:	7-беттегі негізгі хабарламаны қарайық.	

№1 негізгі хабарлама

СІЗДІҢ КӨМЕГІҢІЗБЕН МАШЫҚТАНА ОТЫРЫП, БАЛА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНЕ АЛАДЫ

- Сіз балаңызға күнде көмектесіп және онымен бірге машықтана отырып, күнделікті өмірге арналған жаңа дағдыларды үйренуге көмектесе аласыз;
- Біз кейін әңгімелейтін күнделікті өмірге арналған дағдылар – өз бетінше киіну, шешіну және қол жуу;



4. БАЛАҒА ҮЙРЕТКІҢІЗ КЕЛЕТІН КҮНДЕЛІКТІ ІСТІ АНЫҚТАҢЫЗ ЖӘНЕ ҮЙРЕТУДІ БАСТАЙТЫН АЛҒАШҚЫ ҚАРЫС ҚАДАМДЫ ТАҢДАҢЫЗ (10 МИНУТ)

Түсіндіріңіз:

Сонымен, үйретуді қандай қадамнан бастау керек?

Үш нұсқа бар:

1. егер бала бірде-бір қадамды әлі өз бетінше орындамаса – ең бірінші қадамды үйретуден бастаңыз;
2. егер бала үшін ең оңайы және ұнамдысы соңғы қадам болса – соңғы қадамды үйретуден бастаңыз;
3. егер бала бір немесе бірнеше қадамды өз бетінше орындай алса – бала меңгермеген қадамдар қатарында бірінші болып тұрған қадамды үйретуден бастаңыз;

бірінші қадам

соңғы қадам

бала әлі меңгермеген қадамдардың біріншісі

Уақыт өте келе сіз үйрететін бірінші қадамды оңай таңдауды үйренеміз:

- Ол көбінесе бүкіл әрекеттегі ең бірінші қадам болады;
- Баламен жұмыс жасай отырып, сіз бірте-бірте баланың нені істей алатыны, ал қай жерде оған сіздің көмегіңіз керек екені туралы барған сайын көбірек білетін боласыз;
- Сондықтан, сіздің мақсаттарыңыз өзгеруі мүмкін, бұл – қалыпты жағдай!
- Баламен жұмыс жасаған сайын өзіңізден сұраңыз:

10

	<ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Машықтанып жатқан қадамды өзгерту керек емес пе?</i> ○ <i>Бала оны меңгеріп алған болар, сондықтан, әрі қарай жылжу керек шығар немесе керісінше машықтанған қадамға қайта оралу керек болар?</i>
Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none"> • Әрқайсысыңыз өзіңіз үшін үлкен мақсатты анықтауыңыз керек – балаңыз қандай күнделікті өмір дағдысын игерді және үйретуді бастайтын қарыс қадамды таңдау; • Ата-аналарға арналған буклеттегі 6-бетті оқыңыз; • Осында мақсатты әрекетті және мақсатты қарыс қадамды жазып қоятын орын бар; • Мақсатты қадамдардағы өзгерістерге арналған бос орындар бар;
	Ата-аналарға арналған буклеттің 8-бетіндегі №1 ұсынысты қарайық.

№1 ұсыныс

ДАҒДЫНЫ ҚАРЫС ҚАДАМДАРҒА БӨЛІҢІЗ ЖӘНЕ ӘР ЖОЛЫ БАЛАҒА БІР ҚАРЫС ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТІП ОТЫРЫҢЫЗ

Мысалы, жейдені кию 5 қадамнан тұрады:

1. Жейдені дайындау;
2. Басты жағасынан өткізу;
3. Қолды жеңінен шығару;
4. Екінші қолды жеңінен шығару;
5. Жейдені төмен қарай тарту;



- Қай қадамды бірінші кезекте үйретуіңіз керек?
 - Егер балаңыз бірде-бір қадамды әлі өз бетінше орындамаса, 1-қадамды үйретіңіз;
НЕМЕСЕ
 - Егер соңғы 5-ші қадам бала үшін ең оңайы немесе ең ұнамдысы болса, соны үйретіңіз;
НЕМЕСЕ
 - Егер балаңыз кейбір қадамдарды орындай алса, оған әлі меңгермеген қадамдардың ішіндегі біріншісін үйретіңіз. Мысалы, егер бала 1-ші және 2-ші қадамды орындай алса, оған 3-ші қадамды орындауды үйретіңіз;

<p>Түсіндіріңіз:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Күнделікті дағдыны және сол дағдыны құрайтын қарыс қадамдарды айқындаңыз;</i> • <i>Сол қадамдардың қайсысын бала орындай алатынын ескере отырып, үйретілетін бірінші қарыс қадам қандай болатынын таңдаңыз;</i> • <i>Өзіңізден сұраңыз: сіз таңдаған қадам бала үшін тым қиын емес пе? Ол үшін әлдеқайда оңай және ұнамды басқа қадамнан бастау керек шығар?</i> • <i>Өзіңізден сұраңыз: сіз таңдаған қадам бала үшін тым қарапайым емес пе? Балкім, ол сол қадамды басқалардың көмегінсіз орындайтын шығар? Онда ол әлі жасай алмайтын келесі қадамды таңдаңыз;</i> • <i>Бірнеше рет машықтанғаннан кейін өзіңізден сұраңыз: осы мақсат балама бұрынғыша жерай ма?</i>
	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Сонымен бірге сіз машықтанып жатқан дағдының әрбір кішкентай қадамы сурет түрінде бейнеленген суреттері бар графикті пайдалана аласыз;</i> • <i>Күнде қол жуу дағдысына арналған Суреттері бар график қандай екенін қараңыз (буклеттің 9-бетінде);</i> • <i>Біз сонымен қатар сізге басқа күнделікті дағдыларға арналған суреттері бар графиктерді жасауға көмектесе аламыз;</i> • <i>Суреттері бар графиктер балаларға үйрену барысында керек, себебі:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Балаға тапсырманы жақсарық түсінуге көмектеседі;</i> ○ <i>Балаға жалпы әрекетті орындау үшін қазір қандай қадам жасалып жатқанын және келесі қадам қандай болатынын түсінуге көмектеседі;</i>
<p>?</p>	<p><i>Сұрақтарыңыз бар ма? Ата-аналарды бір-біріне жауап беруге ынталандырыңыз.</i></p>

ҮЗІЛІС 15 минут

5. ДЕМОНСТРАЦИЯ: БАЛАҒА ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕ КӨМЕК БЕРУ (25 МИНУТ)

Түсіндіріңіз:	<p>Қарыс қадамды меңгеруі үшін «КӨРСЕТ және АЙТ әдісі жеткіліксіз болғанда балаға жаңа дағдыны игеруге қалай көмектесе аламыз?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Біз үш деңгейде көмек бере аламыз (буклет, 10-бет); • Балаға дағдыны меңгеруге мүмкіндік беруіміз қажет, сондықтан, біз оған осы қадамда нәтижеге жетуге қажетті ең аз көмекті үнемі көрсетеміз; • «КӨРСЕТ және АЙТ» әдісі – балаға көмек көрсетудің ең төмен деңгейі;
	<p>1. КӨРСЕТ және АЙТ (үлгі көрсет және түсіндірме бер)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл әдісті бұрын қолданып көрдік; • «КӨРСЕТ және АЙТ» балаға орындауы керек әрекетті көрсету және сол мезетте әлгі әрекетті балаға түсінікті тілдік деңгейде атауды білдіреді; • Сіз аталмыш қадамды қалай орындау керек екенін КӨРСЕТЕСІЗ (үлгі көрсетесіз, яғни «әзілдеп» немесе шынымен); • Көрсетіп жатып, өз әрекеттеріңізге түсіндірме бересіз («АЙТ»). Ол үшін сіз бала осы қадамда пайдалана алатын сөздерді айтасыз. Мысалы, сіз баланы күртенің сыдырмасын жабуды үйретіп жатырсыз. Баламен бетпе-бет тұрғанда сыдырманы жоғары қарай қалай тарту керек екенін көрсетесіз де, сол сәтте әрекетке түсіндірме беру үшін «Жабамыз!» дейсіз; • Егер сіз КӨРСЕТІП, АЙТҚАННАН кейін бала соны істеп көруге талпынбаса, тағы бір рет айта аласыз.; Кейде балалардың есіне салу керек. ТАҒЫ АЙТ. Бірақ тек 1 рет қайталау керек; Мысалы, бала сіздің көрсетіп және айтып жатқаныңызды бақылап тұрады. Сіз КҮТЕСІЗ, бірақ бала әрекетті орындамайды, сондықтан, сіз тағы да «Жабамыз!» дейсіз;
	<p>Егер сіз КӨРСЕТСЕҢІЗ, АЙТСАҢЫЗ, ТАҒЫ ҚАЙТАЛАСАҢЫЗ, бірақ бала дағдыны өз бетінше орындамаса, не істеу керек? Мұндай жағдайда аздап көмектесу керек.</p>
	<p>2. ӘРЕКЕТТІ ОРЫНДАУ ҮШІН АЗДАП КӨМЕКТЕСУ (Ішінара физикалық көмек, «кел, көмектесейін»)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл – әрекетті орындауда, әсіресе, оның басында немес аяғында балаға ең аз көмек беру; • Яғни, сіз балаға қандай да бір қадамды орындауға физикалық жағынан көмектесесіз, бірақ ішінара; • Осы көмек деңгейі балаға физикалық жағынан күрделі әрекеттерді (мысалы, шүмекті ашу және жабу кезінде, тығыз қақпақты ашу кезінде) орындау кезінде көмек қажет болғанда пайдаланылады; Мысалы, сіз көрсеттіңіз, айттыңыз және 1 рет қайталадыңыз, балаңыз істеуге тырысып жатыр, бірақ қолы тайып кете береді. Сіз білесіз, осы әрекет күш салуды талап етеді, сондықтан, оған ішінара көмек көрсету керек деп шешесіз. Сіз баланың қолынан алып, ақырын

	<p>ғана әрекеттің бас жағында оған аздап көмектесесіз. Бала қадамды өзі аяқтайды – сыдырманы ең жоғарғы жағына дейін өзі жабады;</p>
	<p>Сіз балаға ІШНАРА ФИЗИКАЛЫҚ КӨМЕК көрсеттіңіз, бірақ қадамды аяқтау үшін оған бәрібір көмек керек болса, не істеу керек? Мұндай жағдайда сізге үлкен физикалық көмек көрсету керек.</p>
	<p>3. ӘРЕКЕТТІ ОРЫНДАУ ҮШІН ҮЛКЕН ФИЗИКАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ (Толық физикалық көмек, «Кел, бірге істейік»)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл – сіз балаға көрсете алатын ең көп көмек; • Яғни, сіз баланың қолынан алып, барлық әрекеттерді толығымен орындауға көмектесесіз; • Сіз осы көмек деңгейін мүлдем жаңа әрекетті орындау кезінде, балаңыздың әзірше қолынан келмейтінін білетін кезде пайдалана аласыз; <p>Мысалы, сіз балаңыздың қолын жібергенде ол бәрібір сыдырманы жаба алмады. Сондықтан, сіз оған толық физикалық көмек көрсете отырып, жәрдем бересіз. Сіз тағы баланың қолынан алып, «қолды қол ұстаған күйі» оған сыдырманы жабуға ақырын көмектесесіз. Сіз балаға әрекетті басынан аяғына дейін орындауға физикалық жағынан көмектестіңіз;</p>
	<p>Сіз балаға көмектескенде:</p> <p>1. Айқын және түсінікті болыңыз: балаңыздың тілдік дамуының деңгейіндегі сөздерді пайдаланыңыз және көрсетіп жатқан әрекет балаға жақсы көрініп тұратындай етіп орналасыңыз;</p> <p>2. Бірізді болыңыз: дағдыны машықтаған сайын бала келесі қадамға көшуге дайын болмайынша одан тек бір түрлі әрекетті ғана орындауын күтіңіз;</p> <p>Ескертпе. Балаға қиын соғатын күндері, ол науқастанғанда немесе шаршағанда, әдеттегіден көбірек көмектесуге тура келеді. Бұл – қалыпты жағдай! Қиын күндер жаңа дағдыларды машықтау үшін ең тиімді уақыт емес.</p> <p>3. Жылы шырайлы болыңыз, бірақ қаталдық танытыңыз: дағдыны машықтағанда жылы шырайлы, жайдары болыңыз, бірақ қаталдықты сақтаңыз;</p> <p>Кейде балаңыз жағымсыз мінез-құлық көрсетеді деп күткенде сіз қобалжи бастауыңыз мүмкін немесе өзіңізге сұрақтар қоя бастауыңыз мүмкін. Бұл баланың жағымсыз мінез-құлқын күшейтіп жіберуі немесе бір шикілік шыққанын көрсетуі әбден мүмкін.</p>
Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none"> • Осы демонстрация жаңа дағдыны меңгеруде қиындықтарға тап болатын балаға үш деңгейде көмек беруді көрсетеді. Аталмыш жағдайда – қол жуу дағдысы. <p>Ұсыныстарды қалай орындау керек екенін көресіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Дағдыны қарыс қадамдарға бөлу және балаға әр жолы бір қарыс қадамнан үйрету; • Дағдыны меңгеруге мүмкіндік беру үшін балаға қажетті көмекті ең аз көлемде көрсету; • Балаға түсінікті, бірізді нұсқаулар беру және әр талпынысы үшін мақтау;

ДЕМОНСТРАЦИЯ ӨТКІЗІҢІЗ

Дайындаңыз:

- Үстел үстіне 2 шылапшын қойыңыз: біріне су құйылған, екіншісі – бос;
- Тостаған, 2 кесек сабын және сүлгі дайындаңыз;
- Бос шылапшынды ересектің алдына, су құйылған шылапшынды баланың алдына қойыңыз;
- Қарама-қарсы тұрыңыздар;
- Ата-аналар шылапшындар қойылған үстелдің айналасына жиналуы керек;

Айтыңыз:	<p><i>Балаға 3 деңгейде көмек қалай көрсетілетінін Қараңыз және Тыңдаңыз. Демонстрациядан кейін соны талқылаймыз.</i></p> <p>Қызым Жаннаны қол жуу дағдысына үйретуге шақырмас бұрын мен КЕҢІСТІК ДАЙЫНДАУЫМ қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Маған керек материалдарды дайындау; • Қол жуатын жерді ұйымдастыру; • 2 кесек сабын қою (біреуі – ересекке, екіншісі – балаға); • Сүлгі немесе мата; • Баланың деңгейінде оған қарама-қарсы тұру; <ul style="list-style-type: none"> • Мен баламның тілдік деңгейіне сай тілді пайдаланамын; • Мен КӨРСЕТІП, АЙТҚАННАН кейін үзіліс жасап, балаға қарым-қатынас жасауға кірісу мүмкіндігін беру үшін КҮТЕМІН; • Мен баламның менімен қарым-қатынас жасауға тырысқан кез келген әрекетіне реакция көрсетемін – көзбен, ишарамен, дыбыспен немесе сөзбен;
	<p>Енді, бізге қажеттінің бәрі бар екенін тексеріп алған соң қызымды ертіп келуге барамын.</p>

Ересек:	«Жанна! Жүр, қол жуайық!»
Бала:	Ересекпен бірге шылапшынға қарай барады; Ересекке бетпе-бет тұрады. Шылапшын бала мен ересектің арасында тұрады;
Ересек:	Тостағанға су құйып, оны бос шылапшынның үстінде ұстап тұрады. Суды тостағаннан шылапшынға баяу құя бастайды. Балаға қарап, бала қолын су астына тосқанша күтеді.
Бала:	Қолын су астына жақындатады;
Ересек ЖАУАП БЕРЕДІ:	«Қол жуамыз! Алақай!»
Ересек ата-аналарға түсіндіреді:	<i>Сабынды алу – мен Жаннаға үйретуге тырысып жатқан қарыс қадам.</i> <i>Ең алдымен өзімнен сұраймын: балам сол қадамды басқа адамның көмегінсіз жасай ала ма?</i>

	<p><i>Мен Жаннаға сол қадамды жасауға мүмкіндік беру үшін үзіліс жасаймын.</i></p> <p><i>Егер жасамаса, «КӨРСЕТ және АЙТ» әдісін қолданады.</i></p>
Ересек: КҮТЕДІ	Бала сабынға қолын созғанша күтеді.
Бала:	Шылапшындағы сумен ойнай бастайды да, ересектің күтіп тұрғанын байқамайды;
Ересек ата-аналарға түсіндіреді:	« <i>Ол сабынды алуға әрекеттенген жоқ, сондықтан, мен ЕҢ АЗ КӨМЕК ДЕҢГЕЙІН көрсетемін - «КӨРСЕТ және АЙТ».</i> Балаға сол қадамды (сабынды алуды) қалай жасау керек екенін көрсетемін де, «Сабынды аламын!» деп, не істеп жатқанымды айтамын;
Ересек КӨРСЕТЕДІ және АЙТАДЫ:	Сабынның бір кесегін алады. «Сабын!» Балаға көрсетеді. Үзіліс жасайды, баланың жауабын күтеді.
Бала	Сабынның екінші кесегіне қарайды да, қолына алады;
Ересек ЖАУАП БЕРЕДІ:	« <i>Иә, сабын!</i> »
Ересек ата-аналарға түсіндіреді:	<i>Мен келесі қадам – қолды сабындау үшін қайтадан ЕҢ АЗ КӨМЕК ДЕҢГЕЙІН көрсетейін деп жатырмын;</i>
Ересек КӨРСЕТЕДІ және АЙТАДЫ:	Қолын сабындайды. « <i>Қолымызды сабындаймыз!</i> » Баланың жауабын КҮТЕДІ.
Бала:	Сабынды шылапшынға тастайды;
Ересек ата-аналарға түсіндіреді:	<i>Жаннаға сабынды қолға ұстаған ұнамайды, сондықтан, оған қолын сабындауға көмектесу үшін мен ШАҒЫН ФИЗИКАЛЫҚ КӨМЕК көрсетейін деп жатырмын;</i>
Ересек	Сабынды орнына қойып, шылапшында жатқан Жаннаның сабынын алады. Сабынды Жаннаның қолына салады. Оның қолдарын ұстап, сабындауға көмектеседі. « <i>Қолымызды сабындаймыз, сабындаймыз!</i> » Баланың қолын жіберіп, әрекетті өзі аяқтауына мүрсат береді.
Бала:	Өзін жағымсыз сезініп тұрғандай қыңқылдай, қыңырлық көрсете бастайды, бірақ қолын сабындайды;
Ересек Көрсет және айт көмегімен ЖАУАП БЕРЕДІ:	« <i>Қолынан келеді екен! Сен қолыңды сабындап жатырсың!</i> » Қолын сабындап жатқан кейіп танытып, қолдарын бір-біріне үйкейді;
Ересек ата-	Сабынды орнына қою үшін мен Жаннаға ШАҒЫН ФИЗИКАЛЫҚ

аналарға түсіндіреді:	КӨМЕК көрсетемін. «Қолымызды сабындадық! Сабынды орнына қоямыз». Ақырын қолдарынан ұстап, сабын салғышқа жақындатады.
Бала:	Әрекетті аяқтайды. Сабынды сабын салғышқа салады;
Ересек ЖАУАП БЕРЕДІ:	«Иә, сабынды қоямыз!»
Ересек ата-аналарға түсіндіреді:	Мен білемін, Жаннаға көбік жағылған қолдарын бір-біріне үйкеу қиын, сондықтан, сабын көбігі жағылған қолдарын үйкеу үшін мен оған ҮЛКЕН ФИЗИКАЛЫҚ КӨМЕК көрсетейін деп жатырмын;
Ересек көп көмектеседі:	Баланың қолын ұстап, толығымен жуып береді: Оған тыныштануға көмектесу үшін және осы қадамды жағымдырақ ету үшін оған ән айтып та бере аламын. «Үйкейміз, үйкейміз, үйкейміз!»
Бала:	Ересекке өзіне көмектесуге мұрсат береді;
Ересек:	«Алақай, үйкедік!» Тостағанға су толтырып, суды баланың қолына құяды: «Сабынды шаямыз!» Сабын көбігі баланың қолынан толығымен кеткенше осы әрекетті қайталай береді.
Бала:	Қолын суға ұстап тұрып, ересекке сабын көбігін шайып тастауға мұрсат береді;
Ересек КӨРСЕТЕДІ және АЙТАДЫ:	«Қолымызды сүртеміз!» Баланың алдында өз қолын сүртеді.
Ересек КҮТЕДІ:	Балаға қарап, қолын сүрте бастағанша күтеді.
Бала:	Сүлгіге және ересекке қарайды. Қолын сүртпейді.
Ересек ТАҒЫ АЙТАДЫ:	«Қолымызды сүртеміз!»
Бала:	Ересек көрсеткендей қолын сүлгіге сүртеді;
Ересек АЙТАДЫ:	«Алақай, Жанна! Біз қолымызды жудық!»

18

	Жетелеуші сұрақтар:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	1) Ересек «Көрсет және айт» әдісін қашан қолданды?	1) Жаннаға қандай да бір қадамды (мысалы, сабынды алуды, қолды сабындауды, қолды сүлгіге сүртуді) қалай жасау керек екенін түсінуге көмектескенде; 2) Жоғарырақ көмек деңгейлеріне көшпес бұрын төменірек көмек деңгейлерін көрсетіп көргенде (мысалы, Жанна сабынды алып, бірақ қолын сабындамағанда, ол Көрсету және Айтуды қолданды. Осы көмек деңгейі жеткілікті емес екеніне көзі жеткен соң ғана ішінара физикалық

		көмекке көшті). Ең аз көмекті көрсете отырып және қажетіне қарай көбірек көмек қоса отырып, балаға қадамды өз бетінше жасауға мүмкіндік берген дұрыс; 3) Қолды сабындау үшін ересек шағын физикалық көмек көрсеткенде Жанна сол қадамды өз бетінше аяқтауы үшін тағы да Көрсету және Айтуды қолданды;
?	2) <i>Ересек «ТАҒЫ АЙТ» әдісін қашан қолданды?</i>	Ересек «Көрсету және Айтуды» әдісін Жаннаға сүлгіні пайдалануға көмектесу үшін қолданды. Содан кейін ересек Жанна соны істеп көргенше күтті. Бірақ ол істеген жоқ. Сонда ересек тағы 1 рет қайталады. Жанна ересек істегендей қолын сүлгіге сүртіп көрді;
?	3) <i>Ересек қашан «шағын физикалық көмек» көрсетті?</i>	«Көрсет және айт» әдісі Жаннаға қолын сабындауға көмектеспегенде ересек қадамның тек басында ғана шағын физикалық көмек көрсетті де, қадамды Жаннаның өзіне аяқтауына мүрсат берді. Сонымен бірге ол сабынды орнына қою қадамының басында шағын физикалық көмек көрсетті. Ол баланың қолын сабын салғышқа дейін жеткізуге көмектесті, ал әрекетті аяқтауды – сабынды сабын салғышқа салуды – баланың өзіне жасауға мүрсат берді;
?	4) <i>Ересек қашан «үлкен физикалық көмек» көрсетті?</i>	Ересек Жаннаға қолын сабын көбігімен үйкеуге көмектесу үшін үлкен физикалық көмек көрсетті. Ол Жаннаға осы қадамды басынан аяғына дейін жасауға көмектесті;
?	5) <i>Балаға қандай көмек деңгейі керек екенін, қанша көмек көрсету керек екенін қалай білуге болады?</i>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Балаға жаңа дағдыларды үйрету үшін ең аз көмек көлемін көрсете отырып және қосымша көмекті тек қажет болғанда ғана көрсете отырып, әрекетті өз бетінше орындауға мүмкіндік беруге тырысу керек;</i>
Айтыңыз:	<p>ӨЗІҢІЗДЕН СҰРАҢЫЗ: <i>Балам осы қадамды қазіргіден де азырақ көмекпен жасай ала ма?</i></p> <p>Егер «ИӘ» деп жауап берсеңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Төменірек көмек деңгейін көрсетіп көріңіз; • Егер бала сол қадамды сәтті орындаса, сол көмек деңгейін көрсетуді жалғастырыңыз; • Егер бала қадамды жасай алмаса, тағы біраз уақытқа жоғарырақ көмек деңгейіне оралыңыз; • Біршама машықтанғаннан кейін балаңыз кейбір қадамдарды жаттап алғанда барлық үш көмек деңгейін де пайдалана аласыз; • Қадамдар балаға таныс болғанда (немесе сізге енді ешқандай көмек көрсету керек болмаса) «КӨРСЕТУ және АЙТУ» атты ең төмен көмек деңгейін пайдаланыңыз, ал қадамдар бала үшін жаңа болғанда шағын немесе үлкен физикалық көмек көрсетіңіз; 	

- Қадамдар қаншалықты оңай немесе қиын болатынына қарай олардың әрқайсысы үшін балаға түрлі көмек қажет болуы мүмкін;
- Сіз жаңа қарыс қадам қосқанда, әсіресе, жаңа дағдыларға үйрету кезінде, балаға үлкен физикалық көмек қажет болуы мүмкін;
- Есіңізде болсын, егер тіпті әр қадамда физикалық көмек көрсету керек болса да, балаңыз ӘР КЕЗ ҮЙРЕНІП ЖАТАДЫ;
- Дағдыларға үйрете отырып, үнемі өзіңізден сұраңыз: балаға көрсетілетін көмек деңгейін төмендете аласыз ба?

Түсіндіріңіз:

- Балалар барлық қадамдарды бір уақытта үйреніп алады деп күтпейміз;
- Кейбір қадамдар басқаларына қарағанда қиынырақ болады және оларды меңгеру көбірек уақыт алуы мүмкін;
- Бәлкім, бала бір қадамды өз бетінше жасай алуы үшін сол қадамды көп рет қайталап машықтауға тура келетін шығар;
- Сіздің мақсатыңыз – сіз көрсететін көмек деңгейін мейлінше тезірек төмендету – БІРАҚ сол кезеңді аяқтау үшін балаңызға әлі де болса физикалық көмек керек болса – баланың көңілі қалуын азайту және жетістікке жетуін қамтамасыз ету үшін сол көмек деңгейінен бастауға болады;
- Біз үш көмек деңгейін пайдалана аламыз;
- Олар ең аз көмектен ең үлкен көмекке дейін барады:



Буклеттің 11-бетінен басталатын ұсыныстарды қарайық.

№2 ұсыныс

БАЛАҢЫЗ ҮЙРЕНСІН! ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУГЕ ҚАЖЕТТІ ЕҢ АЗ КӨМЕКТІ КӨРСЕТІҢІЗ

- Мүмкіндік болса, балаға ең төмен көмек деңгейін көрсетуге тырысыңыз:
 - қадамды қалай орындау керек екенін **КӨРСЕТУ** және **АЙТУ**;
 - бала соны істеп көруге әрекеттенгенше **КҮТЕ ТҰРУ**;
 - егер бала істеп көруге әрекеттенбесе, **ТАҒЫ БІР РЕТ ҚАЙТАЛАУ**;
 - әрекеттенгені үшін баланы **МАҚТАУ**;



- Егер бала сол қадамды орындаса, ең төмен көмек деңгейін пайдалануды жалғастырыңыз;
- Егер бала қадамды орындамаса, біраз уақыт бойы жоғарырақ көмек деңгейін көрсетіңіз:
 - әрекетті орындауды бастау немесе аяқтау үшін шағын (ішінара) физикалық көмек;



- әрекетті басынан аяғына дейін толығымен орындау үшін үлкен (толық) физикалық көмек;



№3 ұсыныс

БАЛАҒА ТҮСІНІКТІ ЖӘНЕ БІРІЗДІ НҮСҚАУЛАР БЕРІҢІЗ ЖӘНЕ ӘРБІР ТАЛПЫНЫСЫ ҮШІН МАҚТАҢЫЗ

- Балаңызға түсінікті тілді пайдаланыңыз;
- Балаға әр кез бірдей нұсқау беріңіз;
- Жағымды көзқарас сақтап, баланы әр талпынысы үшін мақтаңыз;



№4 ұсыныс

ӨЗІҢІЗДЕН СҰРАҢЫЗ: БАЛАҒА БАСҚА ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТЕ АЛАМЫН БА?

- Балаға қандай да бір күнделікті дағдыны үйрету үшін уақыт өте келе сіз әр дағдыны құрайтын қарыс қадамдарға зейін қоятын боласыз;
- Әр кез баламен күнделікті іспен айналысқанда өзіңізден сұраңыз:
 - Біз машықтанып жатқан қадам бала үшін тым қиын емес пе? Алдымен басқа қадамды үйретсем бе екен?
 - Біз машықтанып жатқан қадам бала үшін тым оңай емес пе? Бала осы қадамды басқа адамның көмегінсіз өзі жасай ма?

Егер жауап «ИӘ» болса, онда балаға дағдыны құрайтын келесі қарыс қадамды үйрете аласыз.



6. ЖАТТЫҒУ: БАЛАҒА ТҮРЛІ ДЕҢГЕЙДЕ КӨМЕК БЕРЕМІЗ. ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС (25 минут)

Ата-аналарға арналған буклеттерді жинап алыңыз. Жадынаманы таратыңыз (8-сабақ).

Естеріне салыңыз, Жадынамада ата-аналар бүгін зерделеген барлық негізгі хабарламалар мен ұсыныстар топтастырылған.

Ата-аналарға және отбасы мүшелеріне жадынаманы үйде пайдаланған ыңғайлы болады.

Жұптық жұмысты түсіндіріңіз

- Қазір біз бүгінгі сабақтың дағдыларын пысықтау үшін және үй практикасына дайындалу үшін жаттығамыз;
- Сіздер өзара талқылап, осы ұсыныстарды үйде қалай пайдаланатындарыңызды көрсетулеріңіз керек.
- Біз екі топқа бөлінеміз. Әр ата-ана өз тобынан жұп таңдауы тиіс.
- Жұбыңызбен келесі сұрақтарды талқылаңыздар:
 - Балаңызға қосымша көмек керек екенін қалай білесіз?
 - Балаңызға қосымша көмек керек болса, әрі қарай не істейсіз?
 - Балаңызға азырақ көмек керек екенін қалай білесіз?

Содан кейін жаттығыңыздар. Біреуіңіз – ересек, екіншісіз бала боласыздар. Әркім машықтанатын күнделікті дағдыны таңдап, оны қадамдарға бөліп, қадам-қадаммен үйретуі тиіс.

Жұптық жұмыс біткенде сіз:

Топқа айтып беріңіз:

- a. Балаңызды үйрету үшін таңдаған күнделікті іс;
- б. Қандай қадамдарды балаңыз өз бетінше орындай алады?
- в. Қандай қадамды бірінші үйретесіз?
- г. Сіздің пікіріңізше оған қандай көмек деңгейін көрсетуге тура келеді?

Топқа келесілерді көрсетіңіз:

- a. Сол іс;
- б. Сіз үйрететін бірінші қадам;
- в. Алдымен көрсететін көмек деңгейі;

Жұбыңызда кім бірінші шығатынын шешіп алыңыздар. Сол адам «ересек» рөлінде болады.

Мамандар сіздерге жақындап, бірге машықтанатын болады.

Осы жаттығу кезіндегі сіздің әрекеттеріңіз

- Әр ата-анаға сындарлы кері байланыс беріңіз;
- Пікірталасты жандандырып, сұрақтарға жауап беріңіз;
- Сабақта көңілді, ұнамды атмосфера сақталуын қамтамасыз етіңіз, ата-аналарды мақтаңыз;
- Әрекетті ауыстырғыңыз келетінін 1 минут бұрын ескертіңіз; Мысалы, «біз талқылауды бастауға дайынбыз (немесе «рөлдермен алмасуға дайынсыздар ма?»), («кімнің алып-қосары бар?»);
-

**Үй
практикасын
түсіндіріңіз:**

Ата- аналардың жұмыс дәптерінің 25-бетін ашыңыз.

- 1) Сіз баламен бірге 2 үй шаруасын орындауды жалғастырасыз. Ол бұрын істеген іс немесе басқа іс болуы мүмкін. Күнде айналысатын істі таңдаңыз. Бірдеңені бірге істеген сайын баланың қарым-қатынас жасайтын кездерін байқау және реакция көрсету үшін онымен 5 минут өткізуді жоспарлаңыз;*
- 2) Баламен машықтанып жатқан дағдының бір кішкентай қадамын таңдаңыз. Бүгін қандай дағдымен жұмыс жасайтындарыңызды және қай қадамға зейін қоятындарыңызды анықтап қойдыңыздар.
Сол істі аптасына кем дегенде 3 рет орындап көріңіз;*
- 3) Сіз көрсетіп бастайтын көмек деңгейін жоспарлаңыз. Ол үш деңгейден тұрады: «Көрсету және айту», «Шағын (ішінара) физикалық көмек» және «Үлкен (толық) физикалық көмек»;*

ТАЛҚЫЛАУ



Топқа айтып беріңіз:

- Қандай күнделікті істі орындайсыз;
- Балаңыз сол істе нені ойдағыдай орындай алады;
- Үйрету үшін бірінші қадамыңыз қандай болады;
- Қалай ойлайсыз, балаңызға қандай көмек деңгейі қажет болады;

Топқа көрсетіңіз (біз сізге көмектесеміз):

- Сіздер машықтанатын күнделікті іс қандай;
- Сіз жасағыңыз келетін бірінші қадам;
- Сіздің ойыңызша қажет болуы мүмкін көмек деңгейі;

Сұрақтар

- Балаға қосымша көмек керек екенін қалай түсінесіз?
- Егер қосымша көмек керек болса, әрі қарай не істейсіз?
- Балаға азырақ көмек керек екенін қалай білесіз?

7. САБАҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ (10 минут)

Ата-аналармен бірге НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРҒА ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ ЖАСАУДЫ қайталаңыз (5 минут)


№1 негізгі хабарлама

СІЗДІҢ КӨМЕГІҢІЗБЕН МАШЫҚТАНА ОТЫРЫП, БАЛА КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ ҮЙРЕНЕ АЛАДЫ

№1 ұсыныс	№2 ұсыныс	№3 ұсыныс	№4 ұсыныс
ДАҒДЫНЫ КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДАРҒА БӨЛІҢІЗ ЖӘНЕ ӘР ЖОЛЫ БАЛАҒА БІР КІШКЕНТАЙ ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТІП ОТЫРЫҢЫЗ;	БАЛАҒА ДАҒДЫЛАРДЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ОРЫНДАУДЫ ҮЙРЕТУ ҮШІН ОҒАН ЕҢ АЗ ҚАЖЕТТІ КӨМЕКТІ КӨРСЕТІҢІЗ;	БАЛАҒА ТҮСІНІКТІ ЖӘНЕ БІРІЗДІ НҰСҚАУЛАР БЕРІҢІЗ ЖӘНЕ ӘР ТАЛПЫНЫСЫ ҮШІН МАҚТАҢЫЗ;	ӨЗІҢІЗДЕН СҰРАҢЫЗ: БАЛАМА БАСҚА ҚАДАМДЫ ҮЙРЕТЕ АЛАМЫН БА?

25

ҮШ КӨМЕК ДЕҢГЕЙІ



**Меңгерілген дағдылар бойынша қорытынды жасаңыз.
ДАҒДЫЛАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ (5 минут)**

Сұраңыз:	<ul style="list-style-type: none">• <i>Өз отбасыңыз үшін қай ұсыныстарды ең маңызды деп санайсыз?</i>• <i>Білгеніңізді қалай пайдалануды жоспарлап отырсыз?</i>• <i>Қандай да бір басқа ойларыңыз бар ма?</i>• <i>Сұрақтарыңыз бар ма?</i>
Ата-аналарды бір-біріне жауап беруге ынталандырыңыз.	

Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none">• <i>Тоғызыншы сабақта проблемаларды қалай шешу керек екенін және балаларға күтім көрсететіндер өздерін қалай күту керек екенін білетін боламыз. Ол біздің соңғы сабағымыз болады. Сабақ _____ болады</i>• <i>Бәріңізді сол сабақта көреміз деп үміттенеміз. Егер қандай да бір себеппен 9-шы сабаққа келе алмасаңыздар, 9-шы сабақтан кейін соңғы рет үйге баруды жоспарлау үшін сіздермен хабарласамыз.</i> <p><i>ҚОСЫМША: Мамандар ата-аналардың қалауымен келесі сабақтан кейін шай немесе салқын сусындар ішу үшін бас қосу жағын жоспарлай алады.</i></p>
----------------------	--